

FTAMP 03.20.00

<https://doi.org/10.26577/JH.2022.v104.i1.06>**О. Мұхатова** 

Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ,  
e-mail: Orazgul7@rambler.ru

## КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Мақалада кеңестік Қазақстан тарихын зерттеудің методологиялық ұстанымдары тарихнамалық деректерді талдау бойынша қарастырылады. Отан тарихын дәуірлеу мәселесінің теориялық және методологиялық негіздеріне қатысты тарихшы ғалымдардың пікірлері талданады. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихының атауына байланысты автордың көзқарасы көрсетіледі. Кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі ғалымдардың Қазақстан тарихын дәуірлеуі бойынша тұжырымдары ашып көрсетіледі. М.Қ. Қозыбаевтың, Т. Омарбековтың кеңестік Қазақстан тарихын дәуірлер мен кезеңдерге бөлуі туралы айтылады. Х. Әбжановтың, З. Қинаятұлының, Ж. Артықбаевтың кезеңдеу үлгілеріне шолу жасалады. Тарихшылардың жекелеген мәселелерді зерттеуде кезеңдер мен сатыларға бөлгендері жөнінде баяндалады. Кезеңдеу мәселесін зерттеуге қажетті қағидалар, әдістер және критерийлер талданады. Осылардың негізінде кеңестік Қазақстан тарихының мақала авторы ұсынған кезеңдер мен сатылар көрсетіліп, сипатталады. Тоталитарлық жүйе кезіндегі кеңестік Қазақстан тарихын зерттеу бағыты және ғылымда қалыптасқан ахуал баяндалады. Маркстік-лениндік методологияны, таптық бағытты ұстанудың зардаптары айқындалады. Қоғамдағы «жылымық» және тоқырау кезеңіндегі талаптар, қайта құру жылдарындағы ғылымдағы жағдай көрсетіледі. Посткеңестік кезеңдегі тарихты қайта қарау, жаңа тарихи таным қалыптастыру бағытындағы методологиялық ұстанымдар қарастырылады. Кеңестік Қазақстан тарихын зерттеудің тұжырымдамалары мен бағыттар және оларды қолданудың ұтымдылығы туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** кеңестік Қазақстан тарихы, ғылым, методология, дәуірлеу, ұстаным, кезең, саты, қағида, зерттеу, бағыт.

O. Mukhatova

Institute of History and Ethnology named after C. Valikhanov, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: Orazgul7@rambler.ru

### Methodological principles of studying the history of Kazakhstan in the soviet period

The article discusses the methodological foundations of the study of the history of Soviet Kazakhstan based on the analysis of historiographic sources. The opinions of historians on the theoretical and methodological basis on the problems of periodization of Russian history are analyzed. The author's view on the name of the history of Soviet Kazakhstan is shown. The conclusions of scientists of the Soviet and post-Soviet periods on the problems of periodization of the history of Kazakhstan are revealed. The point of view of M.K. Kozybaeva, T. Omarbekova on the division of the history of Kazakhstan into eras and periods. The review is carried out on the model of periodization of Kh. Abzhanov, Z. Kinayatuly, Zh. Artykbaev. Describes the division by historians into periods and stages of individual problems in their study. The principles, methods and criteria necessary for studying the problems of periodization are analyzed. On this basis, the periods and stages of the history of Soviet Kazakhstan recommended by the author of the article are shown and characterized. The approaches to the study of the history of Soviet Kazakhstan and the current situation in science under the conditions of a totalitarian system are described. Determine the consequences of adherence to the Marxist-Leninist methodology, the class approach. Shows the requirements in the period of "thaw" and stagnation in society, the situation in science in the years of perestroika. Methodological approaches are considered in line with the revision of history, the formation of new historical knowledge. Concepts and approaches to studying the history of Soviet Kazakhstan and the rationality of their application are revealed.

**Key words:** history of Soviet Kazakhstan, science, methodology, periodization, principles, period, stage, approach, research.

О. Мухатова

Институт истории и этнологии им Ч. Валиханова, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: Orazgul7@rambler.ru

### Методологические принципы изучения истории Казахстана в советский период

В статье рассматриваются методологические основы изучения истории Советского Казахстана на основе анализа историографических источников. Анализируются мнения историков о теоретико-методологической основе по проблемам периодизации отечественной истории. Показывается взгляд автора в отношении названия истории советского Казахстана. Раскрываются выводы ученых советского и постсоветского периодов по проблемам периодизации истории Казахстана. Излагается точка зрения М.К. Козыбаева, Т. Омарбекова о делении истории Казахстана на эпохи и периоды. Проводится обзор на модели периодизации Х. Абжанова, З. Кинаятулы, Ж. Артыкбаева. Излагается о разделении историками на периоды и этапы отдельных проблем при их изучения. Анализируются принципы, методы и критерий необходимые для исследования проблем периодизации. На этой основе показываются и характеризуются периоды и этапы истории советского Казахстана рекомендуемые автором статьи. Излагается подходы изучения истории советского Казахстана и сложившаяся ситуация в науке в условиях тоталитарной системы. Определяют последствия приверженности марксистско-ленинской методологии, классового подхода. Показываются требования в период «оттепели» и застоя в обществе, ситуация в науке в годы перестройки. Рассматриваются методологические подходы в русле пересмотра истории, формирования нового исторического знания. Раскрываются концепции и подходы изучения истории Советского Казахстана и рациональность их применения.

**Ключевые слова:** история Советского Казахстана, наука, методология, периодизация, принципы, период, этап, подход, исследования.

#### Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 9 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласында отандық тарих ғылымына қатысты бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Сондай «стратегиялық маңызы бар, тарихи сананы жаңғыртуға» бағытталған мәселе – көптомдық, академиялық ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихының жаңа нұсқасын дайындау. Осы орайда Президент: «Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін көп томдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі олқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді» ([egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat](http://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat)), – деп қадап айтты. Қазіргі уақытта қазақстандық тарихшылар тың тарихи деректерге және жаңа бағыттарға негізделген тарихты жазуға кірісіп кетті. Тарихы бұрмаланған, жаттанды стереотиптер мен догматикалық тұжырымдарға толы кеңестік Қазақстан тарихы да қайта жазылуда. Дегенмен күрмеуі қиын мәселенің түйінін шешпес бұрын оның ғылыми ұстанымдарын айқындап алу қажет. Осы орай-

да кеңестік Қазақстан тарихын зерттеудің теориялық және методологиялық негіздерін анықтап, нақтыландыру шынайы тарих жазудың кепілі болмақшы.

#### Материалдар мен әдістер

Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын кеңестік Қазақстан тарихын зерттеудің методологиялық негіздері көрініс тапқан тарихнамалық деректер құрайды. Олар – негізінен монографиялар, диссертациялар және ғылыми мақалалар. Зерттеу нысаны ретінде айқындалған тарихнамалық деректердің фактілері талданып, кеңестік Қазақстан тарихын қайта зерделеуге жарамдылары алынды. Ғылымның заңдылықтары және бағалау критерийлері тарихнамалық фактілерге баға берудің методологиялық негіздері түрінде қолданылды.

Зерттеу дүниежүзілік тарих ғылымында орын алған өркениеттілік, тарихи динамика, жан-жақтылық, пікір алуандығы тұжырымдамаларына сүйенді. Мәселені кешенді зерделеу үшін тарих ғылымдарындағы тарихилық және шынайылық жалпы методологиялық қағидаларымен қатар дәуірлеу принципі қолданылды. Кеңестік Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесін қарастыруда диахронды-құрылымдық талдау және тарихи типологиялық әдістер пайдаланылды. Атал-

гандардан өзге жалпы ғылыми және арнайы тарихи жүйелеу, тарихи-салыстырмалы, моделдеу әдістері қолданылды.

### Нәтижелер мен талдаулар

Отандық тарихтың тарихнамасында Қазақстан тарихын дәуірлеу бойынша М. Қозыбаевтың (Қозыбаев, 1998), С. Кентбековтің (Кентбеков, 1997), З. Алдамжардың (Алдамжар, 2002), Т. Омарбековтың (Омарбеков, 2004), Х. Әбжановтың (Әбжанов, 2014) және т.б. зерттеулері орын алған. М. Қозыбаев «бүкіл қазақ тарихын тоғыз асқаралы белестерге» бөліп, «әрбір белес туралы – халқымыздың тарихи тағдыры қысқаша топшылама, үзік сырлар, ой айтты» (Қозыбаев, 1998:146). Т. Омарбеков және Ш. Омарбеков тарихты жазуда бір жүйеге түсірілген кезеңдеудің әлемдік тәжірибесін басшылыққа алуды ұсынды. «Өздерінің тарихын хронологиялық жүйеге түсіріп үлгерген өркениетті елдерде тарихи өркендеу сатылары алғаш эраларға, одан соң дәуірлерге (эпоха), одан кейін кезеңдерге (период) және ең соңында сатыларға (топтарға) бөлінеді» (Омарбеков, 2004:10) деген тұжырымы осының дәлелі. С. Кентбеков аталған тарихи мерзімдерге анықтама беріп, олардың әрқайсысын талдады. Зерттеуші ежелгі дәуірден 1917 жылғы қазан революциясына дейінгі Қазақстан тарихының дәуірлеуін қарастырды. З. Алдамжар дәуірлеудің методологиясы турасында сөз қозғап, өткен уақыттарда, соның ішінде «Кеңестік тарих ғылымында қолданылған дәуірлеу принциптері мен критерийлері марксизм-ленинизм ілімінің, оның таптық методологиясы негізінде анықталып, коммунистік партиялық принциптің жетегінде болғанын» ашып көрсетті (Алдамжар, 2002: 121). Өркениетті дәуірлеудің формациялық дәуірлеумен салыстырғандағы артықшылықтарын көрсете келе кезеңдеудің принциптері ретінде уақыт пен кеңестік жүйелілігін алуды ұсынды (Алдамжар, 2002: 127).

Бұл принциптің арқасында «зерттеу еркіндігі де, мүмкіншілігі де өсе түсетінін, бүкіл ұлттық төл тарихты айтпағанның өзінде, осы негізде нақтылы бір тарихи тақырыптың да дәуірін, кезеңін анықтауға болатындығын» (Алдамжар, 2002: 127) дәйектеді. Х. Әбжанов Отан тарихын дәуірлеу мәселесін «толғағы жеткен өзек-жарды міндеттердің бірінші қатарына» жатқыза отырып, оған «Отан тарихын дәуірлеу дегеніміз – тарих ғылымының теориясы мен

методологиялық өресін көрсететін, таным биігіне көтерілу жолындағы атқарылған істер мен алдағы міндеттерді таразылайтын жауапты сәт» (Әбжанов, 2014: 22) деген анықтама берді. Дәуірлеудің әлеуетіне «ол күрмеуі күрделі тарихи-өркениеттік үдерістердің бастысы мен екінші кезектегісін, негізгісі мен қосалқысын айыра тануға мүмкіндік береді» (Әбжанов, 2014: 22) деген баға берді. Көріп отырғанымыздай тарихшылар дәуірлеудің теориялық, методологиялық негіздеріне көбірек назар аударды. Кеңестік Қазақстан тарихын кезеңдеуге арналған іргелі еңбектер жарық көрмеді. Мұның өзі біз талдап отырған мәселенің бұрын-соңды зерттеу нысанына айнала қоймағандығын дәлелдейді. Сондықтан да зерттеу өзекті болып саналады.

Ұзақ жылдар бойы кеңестік Қазақстан тарихын қазіргі заман тарихы деп атау ғылымда берік орнықты. Посткеңестік кезеңдегі, яғни тәуелсіз Қазақстан тарихы да қазіргі заман тарихы деп аталды. Осыған орай біраз шатасушылық орын алды. 2010 жылы жарық көрген бес томдық Қазақстан тарихының төртінші томы кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихы деп аталады (Қазақстан тарихы, 2010). 1917-1991-жылдар аралығындағы Отан тарихын кеңестік Қазақстан тарихы деп атау орынды. Өйткені Қазақстан 1917-жылдан қазіргі уақытқа дейін әртүрлі саяси жүйелер жағдайында өмір сүрді. Республиканың қоғамдық-тарихи даму ерекшеліктері де әртүрлі болды. Кеңестік Қазақстан тарихы жетіс жылдан астам уақытты қамтиды. Осы аралықтағы тарих нақты кезеңдер мен сатыларға бөлінбеген. Отандық тарих ғылымында кеңестік Қазақстан тарихының мерзімдемесі бойынша ортақ пікір қалыптаспаған, мәселенің методологиялық негіздері бір ғылыми жүйеге түсірілмеген. Қазақстанның тарих ғылымында кезеңге бөлу мәселелеріне байланысты категориялар мен түсініктер туралы бірыңғай нақты ұғым жоқ. «Дәуір», заман, «кезең» деген терминдерге ғалымдар әртүрлі түсінік береді, сондықтан ғылыми әдебиеттерде өзара қарама-қайшылықтар орын алған. Қазақстан тарихының жалпы әлемдік үдеріспен байланысы туралы жеткілікті түсінік қалыптаспаған. Қазақ тарихын жазуда ең алдымен дәуірлеу, кезеңдеу, сатылау жүйелері, олардың әрқайсысының ұғымы анықталуы тиіс. Дәуір бірнеше мыңжылдықтарды, заман бірнеше жүзжылдықтарды, кезең онжылдықтарды, саты жылдарды қамтитын уақыт кесіндісі болып табылады.

Уақыт өлшемімен алғанда тарихи үдерістерді кезеңдерге бөлудің жүйесі болмайынша, өткенді зерттеу, Қазақстан аумағында өткен үрдістердің сызбасы мен моделін құру, белгілі бір жүйеге негізделген еңбектер жазу мүмкін емес. Кеңестік Қазақстан тарихын нақты кезеңдерге бөліп, біртұтас тұжырым жасау – оны терең әрі шынайы зерттеудің кепілі. Ол үшін ең алдымен кеңестік тарихтың мерзімдемесі нақтыландырылуы тиіс. Осы орайда тарихшы-ғалым З. Алдамжардың: «Дәуірлеу мәселесін зерттегенде, оның ішкі құрылымы мен хронологиялық шектерін анықтағанда, қоғамдық өмірдің бар құбылыстары мен қасиеттерін, ортақ сипаттары мен нақты ерекшеліктерін, оған әсерін тигізген оқиғалардың, сонымен бірге жалпы адамзат адамзат болмысының арқауы – тарихи процесс жалғастығын бейнелейтін көріністерді түгел қамтуға ұмтылған орынды болмақ », – деген тұжырымының маңызы зор.

Қазақстан, соның ішінде кеңестік кезеңдегі тарихты дәуірлеуге байланысты ғылымда біраз пікірлер айтылды. 1977-1980 жылдары жарияланған қорытындылаушы бес томдық «Қазақстан тарихында» ежелгі дәуірден ХХ ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі тарихи уақыт бес формацияға: алғашқы қауымдық құрылыс, құл иеленуші, феодалдық, капиталистік және коммунистік-социалистік дәуірлерге бөлінген. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихы социалистік дәуірге сәйкес келеді. Тарихи материализмге негізделген маркстік-лениндік идеология мен методологияның үстемдік еткен ғылымда тарихтың формацияға бөлінуі заңдылық болып саналды. Мұның өзіндік себептері бар еді. 1930 жылдары Қазақстан тарихы ғылымының саласында кеңестік идеологияның орнығуына байланысты жаңа кезең басталды. Біраз пікірталастардан кейін тарихшылар қоғамдық құрылыстағы өзгерістердің көрсеткіші өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың арақатынасы тұжырымдамасына сүйеніп, тарихи уақытты кезеңдерге бөлудің формациялық методологиясына тоқталды. Осылайша ғылымда КСРО тарихының бір бөлшегі саналған Қазақстан тарихын маркстік-лениндік қоғамдық-экономикалық формациялардың негізінде кезеңдер мен сатыларға бөлуді жеке этностың даму процесі деп ретінде қарастырудың идеологиялық сұлбасы берік орнықты. Бұл үдеріс тарихшылар еңбектерінен анық көрінді. Белгілі ғалым С. Асфендияров «Қазақтар тарихының кейбір негізгі мәселелері» атты мақаласында

дәуірлеу мәселесіне тұңғыш рет назар аударып, басты ұстаным меншік түрі және саяси құрылыс қағидасына сүйеніп, қазақ тарихының үш кезеңін көрсетті. Солардың үшіншісі – кеңестік дәуір (Асфендияров, 1933: 35). Бұдан кейінгі уақыттарда Қазақстанның қазан төңкерісіне дейінгі тарихын дәуірлеу ҚазССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография Институтының 1947 жылдың 15-19 мамырында болған бірінші ғылыми сессиясында талқыланды.

Посткеңестік кезеңде ғылымда тың пікірлер айтылып, уақыт аспектісіндегі тарихи үдерістердің типологиясын жасауда тарихилық және объективтілік қағидаларына негізделген жаңа бағыт ұсыныла бастады. Сол бағыт бойынша кезеңдеу мәселесін зерделеген тарихшы-зерттеушілер кеңестік Қазақстан тарихын 1917 жылдың қазан революциясынан бастап, 1991 жылдың желтоқсан айымен шектейді. Алайда мұндай кезеңдеуде Қазақстан тарихының жалпы әлемдік процеспен байланысы ескерілмеді. Себебі Қазақстан тарихы дүниежүзілік тарихтың құрамдас бір бөлігі болып саналады. Әлемдік тәжірибеде тарихты кезеңдеуде уақыт бірінші кезекке қойылады, содан кейін кеңестікке мән беріледі. Қазақстан тарихын жазуда осы мәселеге жете мән берілмей келеді, өйткені қазақ тарихының кезеңдеуінде бірқатар қателіктер мен олқылықтарға жол берілген. Дегенмен 1990-жылдардың басынан дәуірлеуді тарихи үдерісті саяси, әлеуметтік және экономикалық құрылымдардың дамуы тұрғысынан зерттеуге талпыныс байқалды.

Отан тарихын дәуірлеудің бастауында М.Қ. Қозыбаев тұрды. Ғалым таптық күрестің тарихи үдерістердің негізгі қозғаушы күші екендігін мойындаудан бас тартып, қазақ халқының ұлт ретіндегі ерекшелігін көрсете алатын белестерге бөлді. Ғалым кеңестік Қазақстан тарихын төрт кезеңге бөлуді ұсынды, алайда автор пікірінше, бұл кезеңдерді абсолюттендіруге болмайды, дегенмен, кейбір тұстарын басшылыққа алуға болады. I-кезең – революциялық бетбұрыс, әлеуметтік-азаматтық қарама-қарсылық кезеңі (1917 ж. ақпан – 1920 ж.); II-кезең – кооперативтік социализм кезеңі (1921– 1928 ж.); III – кезең – тоталитарлық-казармалық социализм кезеңі (1928 ж. қазан–1985 ж.); IV-кезең – желтоқсан көтерілісі. Халық рухының жаңаруы (Козыбаев, 2000: 219). Өзге тарихшыларға Осыған ұқсамайтын пікірді ғалым Т. Омарбеков білдірді. Ғалым 1917- 1991 жылдардағы Қазақстан тарихын екі дәуірге бөледі. Олардың алғашқысы: «Қазақ-

стан: жол таңдау» (1917 жылғы тамыз), екіншісі: «Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл империя құрамында» (1920 ж. тамыз-1991 ж. желтоқсан). Ғалым дәуірлерді кезеңдерге және сатыларға бөледі (Омарбеков, 2004: 14) X. Әбжанов ғылыми-объективті негізделген дәуірлеу ғана тарихи танымның көкжиегін кеңейтіп, оқиғалардың ішкі қисынын табуға, өткен күннің қорытындысы мен сабағынан оң тағылым алуға жол ашады деген ұстанымды қазақ тарихын кезеңдеу мәселесінде маңызды критерийі етіп, тарихи дәуірге тән мәнді айырмашылықты және сабақтастықты ескеруді басшылыққа алды. Осыған орай кеңестік кезеңдегі тарихты тоталитарлық зорлық пен кеңестік модернизациялау дәуірі (1917 ж. Қазаны – 1991ж.) деп атап, оны өзінің дәуірлеуінің бесінші кезеңіне жатқызды (Әбжанов, 2014: 29).

Дәуірді кезеңдер мен сатыларға бөлмеді. 3. Қинаятұлы кеңес заманындағы Қазақстан тарихын Ресей патшалығы және Кеңес одағы кезеңіндегі Қазақ мемлекеті түрінде анықтады (Қинаятұлы, 2006). Ж. Артықбаевтың да пікірі осымен үндес (Артықбаев, 2003:9). Ғалым кеңестік тарихты қазақ мемлекетінің құрылуынан қазіргі күнге дейінгі уақытты қамтитын кезеңге қосты. Тарихшылар өздерінің зерттеу нысандары мен мәселелеріне байланысты мерзімдемені анықтаған. Мәселен, Т.Б Балақаев пен Қ.С. Алдажұманов Ұлы Отан соғыс кезеңіндегі Қазақстан тарихын үш кезеңге: 1941 – 1945 жж.; соғыс аяқталған кезеңнен бастап, XX ғасырдың 50 жылдардың ортасына дейін; 1950 жылдардың ортасынан бастап, 1980 жылдардың басына дейін бөліп қарастырды (Балақаев, 1985: 6-7).

Отандық тарих ғылымында соңғы жылдары ғана кезеңдеудің жаңа теориялық-методологиялық негіздерін қалыптастыруға ұмтылыс байқалады. Жаңа форматтағы Қазақстан тарихын жазуда әлемдік тарих ғылымындағы дәуірлеу және қазіргі кезеңдегі тарихи құбылыстардың мерзімдік межелерін айқындау тәжірибесі ескерілуде. Қазақстандық тарихшылар цивилизациялық дәуірлеу методологиясын қолдана бастады. Бұл бағыттың артықшылығы қоғам тарихын зерттеуде әрбір елдің, халықтың, аймақтың өзіндік сипатын, болмысын ескеруде әмбебап модель құрастыралады. Тарих көп тінді (многолинейность) және көп тармақты (многовариатность) үдеріс ретінде қарастырылады. Кезеңдеу мәселесін зерттегенде, оның ішкі құрылымы мен хронологиялық шектерін анықтағанда дәуірлеу принципі қоса

қолданылады. Тарихи дәуірлеу принципі уақыт пен кеңестік жүйелілігін, оның сәйкестік көріністерін анықтауға мүмкіндік тудырады. Бұл принцип тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісімен қатар жүреді. Сонымен қатар тарихилық, шынайылық принциптері және зерттеу әдістерін пайдалану ұтымды. Дәуірлеу мәселелерін зерттеуде әлемдік тәжірибеде қоғамдық жүйенің түрлі деңгейдегі ауысуы сияқты тарихи дамудың алмасуын зерделеуде ұтымды әдістердің бірі – құрылымдық-диахронды әдіс қолданылады. Құрылымдық-диахронды әдіс үдерістердің ұзақтығын, ішкі мезгілдік құрылысын, түрлі оқиғалардың жиілігін, даму динамикасын, оқиғалар арасындағы үзілістердің ұзындығын талдауға көмектеседі. Сондай-ақ кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихын кезеңдеуде өткенді тарихи шындық тұрғысында қарастыруға мүмкіндік беретін тарихилық қағидасы; қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау; ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін сақтау ұстанымдары негізгі алынады.

Кезеңдеудің критерийлері ретінде орын алған оқиғалар мен саяси жүйенің өзгеруі, қоғамдық-тарихи дамудың ерекшеліктері, даму сатыларының бір-бірімен тығыз байланыстылығы, бірегейлік, жалпылық, ортақтық және дәуірлеу принципі, әдістері негізінде кеңестік Қазақстан тарихы екі үлкен кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең 1917-1955 жылдар аралығын қамтиды. Кеңестік тоталитарлық жүйенің қалыптасу және орнығуы аталған бірінші кезең төрт сатыдан тұрады. 1-саты 1917-1928 жж. Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауы және нығаюы уақыты. Көрсетілген уақыт аралығында өлкеде социалистік қоғам құрудағы алғашқы қадамдар жасалды. құрылды. Пролетариат диктатурасы тұрпатындағы мемлекет – Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрылды, жеке меншіктегі инракұрылымдар мемлекет иелігіне көшірілді, жер пайдалануда өзгерістер енгізілді, жер-су, егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу, ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу жүргізілді, мәдени революцияның міндеттері орындала бастады,

2-сатысы – 1929-1937 жж. өлкенің қоғамдық-саяси өмірінде сталиндік-голощекиндік басқару жүйесінің орнығуы уақытымен белгіленеді. Бұл сатыда индустрияландыру, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыруға көшіру, алапат аштық, саяси қуғын-сүргін, автономиялық республикадан

одақтас республикаға айналу, социализмнің тұңғыш конституциясын қабылдау, жазудың араб графикасынан латынға көшірілуі тәрізді оқиғалар орын алды.

3-саты социализмнің жеңісі немесе тоталитарлық жүйенің орнығуына сәйкес келген 1938-1945 жылдарды қамтиды. Бұл кезде әкімшіл-әміршіл жүйенің нығая түсуі, жаппай саяси қуғын-сүргін жалғасып, Қазақстан аумағына депортацияға түскен бірқатар ұлт өкілдері қоныс аударды. Қазақ кеңес әдебиетінің, музыка және опера, бейнелеу өнерінің, кітап басып шығару және баспасөздің қалыптасуы мен дамуы орын алды. КСРО-да Ұлы Отан Отан соғысы басталып, Қазақстан біртұтас соғыс лагерінің құрамдас бөлігіне айналды.

1946-1955 жылдарды қамтитын 4-саты ғылымда Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезең деген атаумен белгілі. Осы уақытта тоталитаризм қайта күшіне енді. Республиканың экономикасын бейбіт өмірге бейімдеп қайта құру, өнеркәсіп өндірісінің жаңа салаларының, Қазақстан аумағында ядролық полигондардың салынуы және сыналуы, көлік қатынастарының қалаптасуы, колхоздарды ірілендіру, электрлендіру, саяси қуғын-сүргіннің жалғасуы, зиялы қауым өкілдерінің қудалануы сияқты тарихи оқиғалар орын алды.

1956-1991 жылдар аралығын қамтитын екінші кезең үш сатыдан тұрады. Бұл кезеңнің алғашқы сатысы «хрущевтік жылымық» және әміршіл-әкімшіл жүйенің қайта күшіне енген 1956-1970 жылдарға сәйкес келеді. Уақыт кесіндісінде тың жерлерді игеру, совхоздардың құрылуы, Қазақстанның одақтың астық базасына, ғарышты игеру алаңына айналуы, ауыр индустрияның дамуы, республиканың КСРО-ның шикізат көзі ретінде дамуы тәрізді үрдістер орын алды.

2-саты «кемелденген социализм» аталған қоғамда тоқырау құбылыстарының ұлғая түсуі, экономиканың экстенсивті дамуы, мәдениет, білім мен ғылымның өркендеуі байқалған 1971-1985 жылдар аралығын қамтиды. «Тоқырау» жылдары кеңестік-партиялық номенклатура жаппай бюрократияға ұласты. Қоғамда демократиялық институттарының қатып сенуі мен формалды сипат алуы етек жайды. «Кемелденген социализм» тұжырымдамасы салтанат құрып, КСРО мен Қазақ КСР конституциялары қабылданды. Сондай-ақ аталған кезең ұлтаралық қатынастардың, шиеленісуімен (Ақмоладағы оқиғалар) сипатталады. Жаңадан университет,

институттар, техникумдар мен училищелер ашылып, ұлттық интеллигенцияның қалыптасу процесі толық аяқталды.

3-саты – 1986-1991 жж. қоғамды қайта құру және демократияландыру жылдары. Желтоқсан көтерілісінен басталатын саты Кеңес Одағының ыдырауы, Қазақстанның тәуелсіздік алған уақытымен аяқталады.

Бұл саты Д.А. Қонаевтың Республика басшылығынан кетуі және оның орнына Г.В. Колбиннің тағайындалуы, Желтоқсан көтерілісі, республика экономикасының құлдырауы, ғылыми концепциясыз, бағдарламасыз басталған жеделдету бағытының өрістеуі, ауыл шаруашылығында кооперативтік қозғалыстың қайта жандануы, мердігерлік, цехтық өндірістің дами бастауы, шаруашылық есеп және өзін-өзі қаржыландырудың орын алуымен сипатталады. Осы кезде Наурыз мерекесімен қайта оралды. Қоғамдық қозғалыстар, бірлестіктер мен ұйымдар құрылды. 1989 жылы қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып жарияланды. Ұлт зиялылары өкілдері (Ш. Құдайбердиев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов т.б.) ақталды. Қазақ ССР Президенті қызметі тағайындалды. Қазақ ССР-нің Егемендігі туралы Декларация қабылданды.

Кеңестік Қазақстан тарихын зерттеу қазақстандық тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуы үрдісімен қатар жүрді. Сонымен қатар ХХ-ғасырдың 20-жылдарындағы ұлттық кеңестік мемлекеттің дүниеге келуі және партия ұйымдарының құрылуымен, оның қызметімен тығыз байланысты болды. Тарихты зерттеу және жазу мақсатында РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің (ХКК) 1920 жылғы 21 қыркүйектегі қаулысымен Ағарту халық комиссариатының жанынан, одан кейін 1921 жылдың 1 желтоқсанындағы РК(б)П ОК жанынан бөлім құқығында «Испарт» (Қазан төңкерісі тарихы және Коммунистік партия тарихы жөніндегі материалдарды жинау мен зерттеуге арналған комиссия) деп аталатын құрылым пайда болды. Испарт Қазақстандағы қоғамдық ғылымдар бойынша алғашқы ғылыми мекеме болды. Партия тарихы мекемелері Жетісуда, Ақтөбеде, Қостанайда, Ақмолада, Оралда, Бөкейде іске қосылды. Құрылған күнінен бастап Испарт большевизмнің саяси қарсылықтарына қарсы күрестің ғылыми орталығына айналды. Сондықтан да ол тарих ғылымы бойынша жарық көрген еңбектерде большевиктік партияның рөлінің көрініс табуын бақылап отырды. Дегенмен пролетарлық диктатураның алғашқы

жылдарында ғылыми жарияланымдарды қатан цензурадан өткізу орын ала қоймады. Сол себепті қазан революциясынан кейінгі алғашқы жылдарда Қазақстан тарих ғылымының қалыптасу кезінде қазақ тарихы бойынша зиялылардың ұлттық бағыттағы, шынайы пікір танытқан бірқатар еңбектері жарияланды. Осы кезде тарихи-этнографиялық бағытта жұмыс істеген Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметі өсіп, тереңдей түсті.

Қоғамтану бағытындағы жұмыстарды партия тарихы мекемелерімен бірге ҚазССР Ағарту халық комиссариатының ғылыми, ағарту және көркемдік саладағы қызметіне басшылық еткен академиялық орталығы үйлестіріп отырды. Осылайша ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ өлкесінің тарихын зерттеудің ғылыми және ғылыми-ұйымдық ұстанымдарының негізі салынды. Бұл үрдістің айқын түрдегі таптық, идеологиялық, партиялық сипаты болды, себебі ол Қазақстанда партия ұйымдарын құрумен тығыз байланыста жүргізілді. 1920-жылдардың соңы – 1930-жылдардың бас кезінде ғылымда таптық бағыт орныға бастады. 1931 жылы қазақстандық марксизм-ленинизм институты ұйымдастырылды. 1933 жылы ол Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылды. «ВКП (б) тарихының қысқаша курсының» тұжырымдамасы ғылымда бұл бағытты бекіте түсті. Ғылымда большевиктік дүниетаным орнықты. Бұл үдеріс сталиндік тактикамен тығыз байланыста дамыды. Тарих ғылымының арқауы тарихи материализм және жеке басқа табыну болды. Сталин социалистік ұлт, жаңа кеңестік жұмысшы табы, колхозшы шаруа, интеллигенцияның қалыптасуы туралы теориялық тұжырымдама жасады. одақтық республикалар, соның ішінде қазақ халқының тарихы осы сызбаға бағындырылды. Тарихты бұл сызбадан өзгеше зерттегендер, тарих шындығын көрсеткен С. Асфендияров, П. Галузо саяси қуғын-сүргін құрбандарына айналды. М.Әбдіқалықов және А. Панкратованың редакциясымен 1943 жылы жарияланған «Қазақ ССР тарихындағы» (История Казахской ССР, 1943) «көптеген қателер мен жаңсақ пікірлерді жөндеу қажеттілігі» ғылымдағы сталиншілдікті айқын дәлелдеді.

Қазақстан К(б)П Орталық комитетінің 1947 жылы 21 қаңтардағы «Қазақ ССР Ғылым академиясы тіл және әдебиет институты жұмысындағы дөрекі саяси қателер туралы» деген қаулысына сәйкес ғылымдағы шынайы, объек-

тивті көзқарас, ұлттық мүдде, өзгеше зерделеу, балама пікір атаулының барлығы ұлтшылдық, бұрмалаушылық ретінде қабылданды. Қоғамдық ғылымдардың көрнекті өкілдері «қазақ ауылындағы таптық күресті бұркемелегені, тарихты бұрмалағаны, феодалдық-рулық құрылысты дәріптегені, буржуазиялық пантүрікшілдікті насихаттағаны, орыс және қазақ халықтары достығының тамырын «қопарғаны» үшін айыпталды. Әсіресе Е. Бекмаханов «біртұтас ағым» буржуазиялық теориясының тұтқыны, тұжырымдамасы буржуазиялық-ұлтшылдық түрінде танылды. Ғылымдағы саяси қуғын-сүргін тарихшыларды жоғарыдан бұйрық түскенше өзбеттерімен зерттеулер жүргізе алмайтын жағдайға жеткізді. Маркстік-лениндік методологияны, таптық бағытты ұстану салдарынан сыңаржақ, большевиктік билікті дәріптеу мен мадақтауға негізделген, тарихи шындықтан алшақ, қағидалары мен тұжырымдары тоталитарлық жүйе мен большевиктік идеологияға сай келген еңбектер орын алды. Жеке басқа табыну идеологиясы мен тәжірибесі қалыптасып келе жатқан тарих ғылымының дамуын тежеді. Тарихилық, шынайылық қағидаларынан алшақ, балама пікір танытуға дәрмені жоқ тарихшылар самарқаулыққа салынды.

И.Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптау Қазақстанның тарих ғылымына айтарлықтай әсерін тигізді. Шындықты айтуға сәл мүмкіндік туған кезде кеңестік кезеңдегі тарихтың ақиқаты сол жабулы қазан күйінде қалды. Ғылымда түбегейлі бетбұрыс орын алмағанымен өлкеде қазан революциясының орнауы, кеңестердің социалистік қоғам құрудағы рөлі, республиканың өнеркәсібі, жұмысшы табы, зауыттар мен фабрикалар, Ұлы Отан соғысы тарихы және т.б. мәселелер зерттелді. Қоғамдағы «жылымыққа» қарамастан тарихшылар зерттеу дайындауда ғылымда берік орныққан таптық принципке сәйкес тап күресін, Қазақстанның көп ұлтты республикаға айналуына байланысты интернационализм, халықтар достығы ұстанымын, кеңестік идеологияның мәніне сәйкес «аға ұлтты» құрметтеу, оның тарихтағы рөлін дәріптеуге негізделген Ресейдің Орталық Азия мен Қазақстанның қоғамдық дамуындағы қозғаушы күш ретіндегі орнын ескеру ғылыми талаптарға саналды. Бұдан кейінгі тоқырау жылдары өзекті проблемаларды жаттанды сызба, жадағай мысалдар арқылы көрсету әдетке айналды. Зерттеу әдістері, әсіресе статистикалық әдіс «жөнделіп», шектелді. Статистикалық

деректер партия саясатының мүддесіне сәйкес бұрмалана пайдаланылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс кеңестік социалистік жетістіктерді қол жетпес биік межелер түрінде көрсету үшін қолданылды.

Қоғамды қайта құру және демократияландыру жылдары жекелеген мәселелер: Алаш қозғалысы, 1930-жылдардағы зобалаң мен алапат аштық туралы үстірт айтыла бастады. Дегенмен кеңестік Қазақстан тарихы тұтастай алғанда бұрынғысынша таптық бағытта, догматикалық тұрғыда зерттелді. Тарихшылардың оқиғалар мен үдерістерді шынайы зерттеуіне қалыптасқан үрей, жасқаншақтық, тарихи деректердің аздығы кедергі келтірді.

Кеңес Одағының ыдырап, социалистік жүйенің жойылуына байланысты қазақстандық тарих ғылымының теориялық-методологиялық проблемаларын қайта қарап, жаңа тарихи таным қалыптастыру қажеттілігі туындады. Мұндай заңды құбылыс бірқатар саяси, әлеуметтік, идеологиялық, дүниетанымдық факторларға негізделді. Бұл бір жағынан, алпауыт мемлекеттің тарих сахнасынан кетуіне, екіншіден, коммунистік идеологияның құлдырауына, үшіншіден, осыларға сәйкес ғылымда үстемдік еткен маркстік-лениндік идеологияның дағдарысқа ұшырауынан көрінді. Сондықтан да уақыт өткен сайын жаңа ғылыми методология қалыптастыру қажеттілігі айқын сезіле түсті. Тарихты жазуда, зерттеуде өзекті мәселелерге жаңа көзқарастар тұрғысынан қарап, дербес, тың ой-пікірлер мен тұжырымдар түйіндеу міндеті тұрды. Алайда тарихшылар тарихи оқиғалар мен үдерістерге жаңаша баға беруге, сыни ойлауға дайын болмай шықты. Себебі ондаған жылдар бойы тарихты зерттеудің дүниежүзілік үдерісінен қол үзген тарихшылардың дүниетанымдық, методологиялық әзірлігі әлсіз болды. Тарихшылардың бірнеше ұрпағы догматизм, схоластика рухында тәрбиеленіп келді. Кеңестік қоғамның әртүрлі кезеңдерінде орын алған саяси ахуал тарих ғылымын биліктің қолбасына айналдырды. Ұзақ жылдар бойы сталиншілдік, волонтаризм мен субъективизм, тоқырау идеологиясы мен психологиясының шырғауында қалған тарихшылар маркстік-лениндік методологиядан ажырай алмады. Сол себепті тарихшылардың басым көпшілігі зерттеу жүргізуден қол үзді. Жас дарынды зерттеушілер терең экономикалық дағдарыс салдарынан туындаған қиындықтарға төзе алмай, ғылымды тастап кетті. Тарихшылардың тәжірибелі аға

буыны мен жастарының арасындағы сабақтастық үзілді. Осылардың нәтижесінде жаңа тәуелсіз методологияны қалыптастыру ұзақ уақытқа созылды. Кеңестік Қазақстан тарихын жаңа ұстанымдар тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі туса да, ол бірден қолға алына қоймады. Осыған дейін ғылымда орын алып келген тұжырымдар өзгеріп, оларға балама, тың көзқарастар шыға қоймады. Дегенмен тарихшыларға ой салып, ғылыми арнаның ағысын объективті жолға бұруға ұмтылған бірлі-жарым ғалымдар табылды. Отандық тарих ғылымында тыңнан жол салғандардың бірі академик М. Қозыбаев еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан тарихының ақтандақ беттерін қайта қарау қолға алынды. Алғашқылардың бірі болып М.Қозыбаев кеңестік Қазақстан тарихында зерттелуге және қайта зерделенуге тиіс мәселелері көрсетіп берді. Оның Қазақстан тарихының, тарихнама мен деректанудың методологиялық мәселелерін көтерген зерттеулері жарық көре бастады. Ғалымның «Ақтандақтар ақиқаты» (Қозыбаев, 1992), «История и современность» (Қозыбаев, 1991), екі томдық «Тарих зердесі» (Қозыбаев, 1998), және т.б. еңбектері төл тарихты жаңаша жазу мен зерттеуге бағытталған тың идеяларға толы болды. Проблемалы мәселенің бастысы методология екендігіне назар аударған тарихшы оны қолдан жасауға болмайтындығын қадап айтты. Бұрмаланған кеңестік Қазақстан тарихын қайта жазуда тарихилық, объективтілік, диалектикалық даму, өзара байланыс қағидаларына сүйену қажеттілігін көрсетті. «Біз партиялық принциптен бас тартып, томаға-тұйық ұлттық шеңберге шектеліп қалуымызға болмайды. ... тарих директиваға емес деректерге сүйеніп жазылуы керек. Ол деректер негізін мемлекеттік ауқымда қарап, жасау керек» (Қозыбаев, 1998:101), – деп, тарих жазуда біржақты ұстанымның қателіктер мен бұрмалауларға әкелетіндігі турасында тұжырым жасады.

Т.Омарбеков кеңестік Қазақстан тарихын зерттеудің нақты бағыттарын көрсетпесе де тарихты жаңаша жазуда «Тарих – адам қызметі» деген методологиялық принципті басшылыққа алуды ұсынды. Ғалым пікірінше, «бұл қағида ескі маркстік «Тарих – таптар күресі» деген принциптен әлдеқайда ауқымды. ... Сонымен қатар саяси, географиялық, ұлттық этностық, жалпы адамзаттық көзқарастың бәрін аясына сыйғызып жіберетін түсінік. Бұл принцип маркстік-лениндік «аурудан» айықтыруы мүмкін (Омарбеков, 2004:20) «... халық сұранысына



жауап беретін тарих» дайындау тұрғысында ғалым «Тарихты жазу дегеніміз, көбіміз жадағай түсініп жүргендей, ащы тарихи шындықты қал-қалпында баяндап берумен немесе тарих «ақтандақтары» делініп жүрген әлі де құпиясын ішіне бүгіп жатқан күрделі тарихи мәселелерді нақты деректер негізінде ашып көрсетумен шектеле қоймайды». (Омарбқов, 2004:7). Х. Әбжанов «Тарих – адам іс-әрекетінің жемісі» дей келе Қазақстан тарихын зерттеуде сегіз ұстанымды ұсынды. Олардың ең бастысы «табиғат және адам» деген ұстанымды қаперден шығармау», екіншіден, «ұлт тарихнамасының әр бетінен, әр дәуірінен сол мінез, болмыс, ерекшелік мен мұндалап көрініп тұруы» қажеттілігін айтты.12-13бб. Автордың үшінші ұстанымы «мемлекеттік биліктің түрі мен құрылымын, әлеуметтік негізі мен қызметін, мәні мен ерекшелігін әр кезеңге қарай анықтау болып табылады» (Әбжанов, 2014:14).Төртінші ұстаным «тарихтағы адам мен мемлекет факторын оң пайымдау», бесіншісі ұлт тарихын жазуда жалғастық пен сабақтастық қағидасын ескеру түрінде анықталды. Алтыншы ұстаным «азаттықты баға жетпес байлық» тұрғысынан зерттеу, жетіншісі «азаттықты баянды етуде мән-маңызы ерекше қасиеттерді, мәнде белгілерді зерттеу пәні мен нысанына айналдыру қажеттілігі», сегізінші ұстаным «... азаттықтың қай сатысында тұрғанымызды анықтай білу» болып тұжырымдалды. (Әбжанов, 2014:17).

Кеңестік Қазақстан тарихын зерттеуде шынайылық қағидасын басшылыққа алуды ұсынған тарихшы-ғалым З. Алдамжар: «кеңес дәуірінде қол жеткен жетістіктер мен табыстарды жоққа шығарудан аулақпыз. Өйткені ол – біздің халқымыздың жетіс жылдан артық өткен тарихы. Олардың бастарынан өткізген қуаныштары мен қасірет шеккен кездері. Оны енді өз қалауымызша, заман ағымына бейімдеп, өңдеп, не жақсылап қарап айтар жағдайымыз жоқ» (Алдамжар, 2002: 10), – деп жазды. Осыған байланысты баламалық зерттеулер жүргізудің қажеттілігіне тоқталды. Шынайы тарихилықты ұстанудың қажеттілігін З.Ғ. Сақтағанова: «кеңестік кезеңнің жетістіктері мен игіліктерін тек жағымсыз және олқылықтар ретінде көрсететін зерттеушілер пайда болды. Тарихты мұндай тұрғыда қарастыру оларды кеңестік уақыттағы партиялық қағиданы ұстанған тарихшылардан еш айырмашылығы жоқтығын дәйектейді» деп көрсетті (Сақтағанова, 2012:10). Тарихты шынайы зерттеуде оқиғалардың жағымды

және жағымсыз тұстарын көрсету қажет деген тұжырымға келеді. Өйткені ғылымда кеңестік кезеңнің жетістіктері мен позитивтерін негатив пен кемшіліктер түрінде көрсететін зерттеулердің жиі жарық көрудің нәтижесінде «талқандау тарихнамасы» пайда болды. Алайда мұндай бағыттың шынайы тарих жазуға кері ықпалы болатыны түсінікті.

Посткеңестік кезеңде отандық тарихшылар әлемдік тарихты жазу барысында зерттеушілер пайдаланатын өркениетті бағытты қолданды. Дегенмен зерттеушілердің барлығы бірдей бұл бағытты пайдаланбай, ғылыми заман ағымынан тыс қалмау мақсатында зерттеу нысаны мен пәніне сәйкестігін ескермей, еңбектерінде өркениеттік бағыттың қолданылғаны туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар пікір алуандығы тұжырымдамасы пайдаланылды. Мұндай үдеріс посткеңестік кезеңнің алғашқы онжылдығына тән еді. Дегенмен тарих ғылымында сөз саптаулары әртүрлі болғанымен мәні мен мазмұны бірдей пікірлер басымдылық танытты. Кеңестік кезеңде жоғарыдан түскен берілген идеологиялық нұсқауға табан тіреп, тарих жазу «дәстүрі» қалыптасып қалған ғылымда пікір алуандығының бірден орын алмауы түсінікті.

Соңғы уақыттарда зерттеушілердің әлемдік тәжірибеден алшақ болуынан, архив құжаттарының қолжетімсіздігінен назардан тыс қалған күнделікті өмірді зерттеу өзекті бағыттың біріне айналуға. «Антропологияландыру» үрдісі тарихшыларды әлеуметтік құрылымның басты компоненті жеке адамды тарихи тұрғыда зерделеуге ұмтылдыруда. Осыған орай ғылымда микротарих бағыты орын алуда.

Қазақстан тарихын дүниежүзілік тарихтың құрамдас бір бөлігі ретінде қарастыру бағыты да орын алды. Мұндай бағыттың қажет екендігі дау тудырмайды. Алайда ғылымда бұл бағыттың тиімділігін жоққа шығаратын көзқарастар орын алған. Олардың пікірінше, бұл бағыт Қазақстан тарихындағы ұлттық, дәстүрлік ерекшеліктерді ескермейді. Тарихи оқиғалар мен үдерістерді жалпыадамзаттық қоғамға тән құбылыстар ретінде санайды. Өздерінің көзқарасын дәйектеу үшін кеңестік кезеңдегі «маркстік-лениндік қалыпқа» салынған тарих жазуды мысалға келтіреді. Сондықтан да тарихты ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеу қажеттілігін алдыға тартады. Бұл бағытты ұстанушылар Қазақстан тарихын қазақ халқының тарихы деп есептейді. Қазақстан тарихы деген атаудың орнына қазақ

тарихы атауын ұсынады. Осы орайда кеңестік Қазақстан тарихын жазуда ұлт мүддесіне, мәдениетіне, дәстүріне ерекше мән берілу керектігін қадап айтады.

Соңғы уақытта тарихшылар қоғам жүйесінің әлеуметтік эволюциясын зерттейтін әлем-жүйелік бағытты қолданудың тиімділігі туралы пікір білдіруде. Оның өркениетті бағыттан да ауқымды екендігін шетелдік зерттеушілер дәлелдеген. Қазақстандағы XVIII-XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы бойынша жарияланған ұжымдық зерттеуде мәселені осы бағыт бойынша зерделеудің ұтымдылығы дәйектелді.

Әлемдік зерттеу тәжірибесінде тарихшылар тарихты дәстүрлі қоғамнан заманауи, аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға өту, жетілдіру немесе жанару үдерісінде қарастыруда модернизациялық бағытты кеңінен қолданады. Отандық тарих ғылымында бұл бағытты қолданудың бастауында Ж.Б. Әбілқожин (Абылхожин, 1997) тұрды. Одан кейін бұл бағыт Р.Ж. Қадысованың (Кадысова, 2006), З.Ғ. Сақтағанованың (Сақтағанова, 2012) зерттеулерінде қолданылды.

Пәнаралық зерттеу бағыты да өзекті методологиялық ұстанымдардың біріне айналуға. Тарих, деректану, әлеуметтану, дінтану, өлкетану ғылымдарының өзара байланысы шегіндегі ғылыми зерттеулер жарық көрді. Осы ауқымда Қазақстан тұрғындарының күнделікті өмірі зерделеніп, бірқатар еңбектер дайындалды.

Тарихи зерттеулерде жаратылыстану ғылымдарының әдістерін белең алды. Аталған бағытты пайдалану мәселелеріне Е. Әбілдің диссертациясы (Абиль, 2007) арналды. Бұл бағытты қолдану қоғамның әлеуметтік жүйелерінің,

режимдердің пайда болуы мен дамуына ықпал ететін нақты тарихи факторларды және т.б. айқындауға мүмкіндік береді. Ал математикалық моделдеу статистикалық макро және микро деңгейлердегі тарихи оқиғалар мен үдерістерге қатысты деректерді, олардың фактілерін талдауда нақты нәтижелерге қол жеткізуде тиімді әдіс болып саналады.

### Қорытынды

Осылайша кеңестік кезеңдегі қазақстандық тарих ғылымының жағдайына жасалған талдау оның қалыптасып, даму үдерісін және проблемаларын көрсетіп берді. Кеңестік Қазақстан тарихын кезеңдеуде ортақ пікірдің орын алмағандығына көз жеткізілді. Ұзақ жылдар бойы кеңестік қазақстандық тарих ғылымында қолданылған маркстік-лениндік методологияның зардаптары қазіргі кезеңдегі ғылымға әсер етуде. Тарихшылар әлі де болса толық осы методологияның ықпалынан шыға алмай келеді. Дүниежүзі тарихшылары қолданатын тұжырымдамалар мен ғылыми бағыттар зерттеулерде соңғы жылдары ғана көрініс табуға. Мұның өзі тарихшылардың Қазақстан тарихын зерттеуге ұтымды теорияларды, тұжырымдамалар мен бағыттарды дұрыс пайдалану таңдап, пайдаланумен қатар ұлттық мүддеде зерделеу жолдарын қарастыру қажет дегенді білдіреді.

*Мақала OR11465469 «6 том – «Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихы (1917-1991 жж. Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін жеті томдық академиялық басылымын дайындау» ғылыми жобасы аясында дайындалды.*

### Әдебиеттер

- Әбжанов Х. (2014). Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. Алматы: «Елтаным баспасы». 328 б.
- Абиль Е.А. (2007). Методологические проблемы применения естественнонаучных методов в историческом исследовании: история и синергетика. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. Караганда, 2007. 50 с.
- Абылхожин Ж.Б. (1997). Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. Алматы, Университет «Туран». 360 с.
- Алдамжар З. (2002). Тарих: пайым мен тағлым. Алматы: «Арыс» баспасы. 288 б.
- Артықбаев Ж. (2003). Қазақстан тарихы. Астана, Фолиант. 264 б.
- Асфендияров С. (1933). О некоторых основных вопросах истории казахов. Большевик Казахстана. №10. С. 29-37.
- Балақаев Т., Алдажұманов Қ. (1985). Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. 1941-1945 ж. Алматы: Ғылым. 320 б.
- История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. (1943). Под ред. М. Абдыкалыкова, А. Панкратовой. Алма-Ата: КазОГИЗ. 670 с.
- Кадысова Р.Ж. (2006). Историография социокультурной модернизации. Павлодар: Ғылым. 187 с.
- Кентбеков С.К. (1997). Проблемы историографии и основные принципы периодизации истории до советского Казахстана. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алматы. 25 с.

- Козыбаев М. (1991). История и современность. Алматы, Ғылым. 254 с.
- Козыбаев М. (2000). Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. Книга первая. Алматы: Ғылым. 420 с.
- Козыбаев М. (1992). Ақтандақтар ақиқаты. Алматы, «Қазақ университеті». 272 б.
- Қозыбаев М.Қ. (1998). Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. Алматы: Ғылым. 344 б.
- Қинаят З. (2006). Көшпенділер мемлекетінің пайда болу ерекшеліктері мен типі: қазақ мемлекеттігін кезеңдерге бөлу мәселелері. Қазақ тарихы. № 2. 21-25 бб.
- Омарбеков Т., Омарбеков Ш. (2004). Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті. 388 б.
- Сактаганова З.Г. (2012) Экономическая модернизация Казахстана. 1946-1970 гг. Караганда, «Гласир». 365 с.
- Тоқаев Қ. (2021) Тәуелсіздік бәрінен қымбат: [Электронды ресурс]. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (қаралған күні: 09.01.2021).

## References

- Abjanov H. (2014). Qazaqstan: ulttyq taryh, ideia, metodologia [Kazakhstan: national history, idea, methodology]. Almaty: «Eltanym baspasy». 328 b.
- Abil E.A. (2007). Metodologicheskie problemy primeneniya estestvennonauchnykh metodov v istoricheskom issledovanii: istoriya i sinergetika [Methodological problems of the application of natural scientific methods in historical research: history and synergetics]. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskikh nauk. Karaganda. 50 s.
- Abylhozhin Zh.B. (1997). Ocherki social'no-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana. XX vek [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan. XX century]. Almaty, Universitet «Turan». 360 s.
- Aldamjar Z. (2002). Taryh: paıym men taglym [History: vision and lessons]. Almaty: «Arys» baspasy. 288 b.
- Artyqbaev J. (2003). Qazaqstan taryhy [History of Kazakhstan]. Astana, Foliant. 264 b.
- Asfendiyarov S. (1933). O nekotoryh osnovnyh voprosah istorii kazahov [On some of the main issues in the history of Kazakhs]. Bol'shevik Kazahstana. № 10. S.29-37.
- Balaqaeв T., Aldajymanov Q. (1985). Qazaqstan enbekshileri maıdan qyzmetinde [Workers of Kazakhstan in the service of the front]. Almaty: Gylym. 320 b.
- Istoriya Kazahskoj SSR s drevnejshih vremen do nashih dneı (1943). [History of the Kazakh SSR from ancient times to the present day]. Pod. red. M. Abdykalykova, A. Pankratovoj – Alma-Ata: KazOGIZ. 670 s.
- Kadysova R.ZH. (2006). Istoriografiya sociokul'turnoj modernizacii [Historiography of sociocultural modernization]. Pavlodar: Gylym. 187 s.
- Kentbekov S.K. (1997). Problemy istoriografii i osnovnye principy periodizacii istorii do sovetskogo Kazahstana [Problems of historiography and basic principles of the periodization of history before Soviet Kazakhstan]. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Almaty. 25 c.
- Kozybaev M. (1991). Istoriya i sovremennost' [History and modernity]. Almaty, Gylym. 254 s.
- Kozybaev M. (2000). Kazahstan na rubezhe vekov: razмышleniya i poiski [Kazakhstan at the turn of the century: reflections and searches]. V dvuh knigah. Kniga pervaya. Almaty: Gylym. 420 s.
- Kozybaev M. (1992). Aqtandaqtar aqiqaty [The truth of the white spots]. Almaty, «Qazaq universiteti». 272 b.
- Kozybaev M. (1998). Taryh zerdesi (Zamana asuy). [Intellect of History (Pass of Times)]. 1-kitap. Almaty: Gylym. 344 b.
- Qiniat Z. (2006). Koshpendiler memleketinin paida bolu erekshelikteri men tipi: qazaq memlekettigin kezenderge bolu maseleleri [Features and types of the emergence of a nomadic state: issues of dividing the Kazakh statehood into stages]. Qazaq taryhy. № 2. 21-25 bb.
- Omarbekov T., Omarbekov Sh. (2004). Qazaqstan taryhyna jane tarihnamasyna ulttyq kozqaras. [National perspective on national history and historiography]. Almaty, «Qazaq universiteti». 388 b.
- Saktaганова Z.G. Ekonomicheskaya modernizaciya Kazahstana.1946-1970gg. [Ekonomicheskaya modernizaciya Kazahstana. 1946-1970 gg]. Karaganda, «Glasir», 2012. 365 s.
- Toqaeв Q. Tauelsizdik barinen qymbat. [Independence is the most precious thing [Elektronny resurs] 2021. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (data obrashcheniya: 09.01.2021).